

## Қазақстан Республикасының мемлекеттік музей қоры каталогын жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 193 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 31 шілдеде № 15403 болып тіркелді.

"Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 20-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және спорт министрінің 30.12.2022 № 398 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының мемлекеттік музей қоры каталогын жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет және өнер істері департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау үшін осы бұйрыққа қол қоюға уәкілетті тұлғаның электронды цифрлық қолымен куәландырылған осы бұйрықтың көшірмелерін қағаз және электронды түрде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін екі жұмыс күннің ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және спорт министрі*

*А. Мұхамедиұлы*

Қазақстан Республикасы

## Қазақстан Республикасының мемлекеттік музей қоры каталогын жүргізу қағидалары

### Тарау 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасы музей қорының мемлекеттік каталогын жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 20-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы музей қорының мемлекеттік каталогын (бұдан әрі – Мемлекеттік каталог) жүргізу тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 06.11.2025 № 600-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Мемлекеттік каталог Қазақстан Республикасының мемлекеттік музей қорына енгізілген музей заттары және музей коллекцияларының орталықтандырылған мемлекеттік электронды тіркелуін қамтамасыз ету мақсатымен жүргізіледі.

3. Осы Қағидаларда келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

#### **ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**1) тармақша жаңа редакцияда көзделген - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 20.02.2026 № 78-НҚ (12.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1) Мемлекеттік каталог – Қазақстан Республикасының музей қорына енгізілген барлық музей заттары және музей коллекциялары туралы мәліметтерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурс;

2) мемлекеттік музей қоры (бұдан әрі – музей қоры) – мемлекеттік музейлер, әртүрлі бейіндегі музейлер, оның ішінде музей-қорықтар мен жеке коллекциялар музейлері қорларындағы, сондай-ақ мәдени құндылықтарды сақтауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғалардағы мәдени құндылықтар туралы мәліметтердің жиынтығы;

3) мәдени құндылықтар – тарихи, көркем, ғылыми немесе өзге де мәдени мәні бар, зайырлы және діни сипаттағы материалдық және материалдық емес құндылықтар.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің м.а. 20.02.2026 № 78-НҚ (26.02.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### Тарау 2. Мемлекеттік каталогты жүргізу

4. Мемлекеттік каталогты осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қазақ және орыс тілдерінде электрондық түрде Қазақстан Республикасы Мәдениет

және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Ұлттық музей) жүргізеді.

**Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 06.11.2025 № 600-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Мемлекеттік музейлер және музей-қорықтар мен басқа да мемлекеттік ұйымдар (бұдан әрі – музейлер) тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күніне дейін электрондық жеткізгіштерде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрақты сақтауға қабылданған музей заттары және музей коллекциялары жөніндегі мәліметтерді Мемлекеттік каталогқа енгізу үшін Ұлттық музейге жібереді.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 06.11.2025 № 600-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Осы Қағилардың 5-тармағында көрсетілген мәліметтерде мыналар көрсетіледі:

1) музей заттары және музей коллекцияларының атауы және қысқаша сипаттамасы (авторы, мерзімі, табылған орны, жазулары немесе суреттері, дайындалған материалы және техникасы, өлшемі, жалпы салмағы (бағалы металдар мен тастардан жасалған жағдайда көрсетіледі);

2) музей заттары және музей коллекцияларының саны;

3) музей заттары және музей коллекцияларының шифры;

4) музей заттары және музей коллекцияларының сақталу жағдайының сипаттамасы (кіші немесе үлкен бұлінулердің болуы немесе болмауы және басқа да өзгерістері көрсетіледі);

5) музей заттары және музей коллекцияларының құны (ақылы негізде алынған жағдайда көрсетіледі);

6) музей заттары және музей коллекцияларының 300 (dpi) көлеміндегі фотосуреті;

7) музей заттары және музей коллекциялары сақталған музейдің атауы.

7. Ұлттық музей мәліметтер келіп түскен күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде оларды Мемлекеттік каталогқа енгізеді.

8. Егер осы Қағидалардың 6-тармағында берілген мәліметтер анық емес және (немесе) толық болмаса, Ұлттық музей осы Қағидалардың 5-тармағына көрсетілген мерзімде музейлерге музей заттары және музей коллекциялары туралы қосымша мәліметті хат келіп түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде ұсыну қажеттілігін хатпен (еркін нысанда) хабарлайды.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 06.11.2025 № 600-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

9. Мемлекеттік каталогтан музей заттары және музей коллекциялары туралы мәліметтерді алып тастау Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 7 сәуірдегі № 146-НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35961 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы музей қорының музей заттарын есепке алу, сақтау, пайдалану және есептен шығару нұсқаулығына 21-қосымшаға сәйкес музей заттарын және музей коллекцияларын есептен шығару туралы актінің негізінде жүргізіледі.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 06.11.2025 № 600-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Музей заттары және музей коллекциялары туралы мәліметтердің жойылуының алдын алу мақсатында Мемлекеттік каталогтың резервтік көшірмесі жасалады.

Қазақстан Республикасының  
мемлекеттік музей қоры  
каталогын жүргізу  
қағидаларына  
I-қосымша  
Нысан

### Қазақстан Республикасы музей қорының мемлекеттік каталогы

№ п/п	Музей заттары және музей коллекцияларының атауы және қысқаша сипаттамасы (авторы, мерзімі, табылған орны, жазулары немесе суреттері, дайындалған материалы және техникасы, өлшемі, жалпы салмағы (бағалы металдар	Музей заттары және музей коллекцияларының саны	Музей заттары және музей коллекцияларының шифры	Музей заттары және музей коллекцияларының сипаттамасы (кіші немесе үлкен бөлінулердің болуы немесе болмауы және басқад	Музей заттары және музей коллекцияларының құны (ақылы негізде алынған жағдайда көрсетіледі)	Музей заттары және музей коллекцияларының 300 (dpi) көлеміндегі фотосуреті	Музей заттары және музей коллекциялары	Ескерту
----------	---	--	---	--	---	--	--	---------

	мен тастардан жасалған жағдайда көрсетіледі)			өзгерістері көрсетіледі)			сақталған музейдің атауы	
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Қазақстан Республикасының  
 мемлекеттік музей қоры  
 каталогын жүргізу  
 қағидаларына  
 2-қосымша  
 Нысан

**Қазақстан Республикасы музей қорының мемлекеттік каталогына енгізу үшін ұсынылатын музей заттары және музей коллекциялары жөніндегі мәліметтер**

№ п/п	Музей заттары және музей коллекцияларының атауы және қысқаша сипаттамасы (авторы, мерзімі, табылған орны, жазулары немесе суреттері, дайындалған материал және техникасы, өлшемі, жалпы салмағы (бағалы металдар мен тастардан жасалған жағдайда көрсетіледі)	Музей заттары және музей коллекцияларының саны	Музей заттары және музей коллекцияларының шифры	Музей заттары және музей коллекцияларының сақталу жағдайының сипаттамасы (кіші немесе үлкен бөлінулердің болуы немесе болмауы және басқадар өзгерістері көрсетіледі)	Музей заттары және музей коллекцияларының құны (ақылы негізде алынған жағдайда көрсетіледі)	Музей заттары және музей коллекцияларының 300 (dpi) көлеміндегі фотосуреті	Музей заттары және музей коллекциялары сақталған музейдің атауы	Ескерту
1	2	3	4	5	6	7	8	9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК